

## **Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан республикалық астық инспекциясын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 26 сәуірдегі N 562

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта құру мәселелері" жөніндегі 1995 жылғы 31 қаңтардағы N 105 P950105\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы., 1995 ж., N 4, 54-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазастықөнімі" Қазақ мемлекеттік-акционерлік концернін құру туралы" 1990 жылғы 28 желтоқсандағы N 551 қаулысына (Қаз ССР ҚЖ, 1991ж., N 6, 40-бап) сәйкес құрылған бұрынғы "Қазастықөнімі" концернінің құрамына кіретін Мемлекеттік астық инспекциясын қайта құру және оның негізінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан республикалық астық инспекциясын құру жөніндегі ұсынысы қабылдансын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен.

P980651\_

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы республикалық астық инспекциясының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына қайта құрылған Мемлекеттік астық инспекциясының және оның облыстық басқармаларының балансындағы мүлікті, негізгі және айналымдағы қаржыны беру тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы республикалық астық инспекциясына астықтың және оның ұқсатылған өнімдерінің сапасына мемлекеттік бақылау жасау жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы республикалық астық инспекциясы туралы Ережені әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК